

**«Бекітілді»**  
**«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ Басқармасының шешімімен,**  
**хаттама № 1039, «28» маусым 2017 жылы**

**ТҮСІНДІРМЕ**  
**«ЕСЖ» ТАУАРЛЫҚ БИРЖАСЫ» АҚ (ЕСЖ БИРЖАСЫ) ЕСЖ БИРЖАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ**  
**ДЕРЕКТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ӨНДЕУ ЖӘНЕ БЕРУ**  
**ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН (РОБОТТАРДЫ) ПАЙДАЛАНУЫ ТУРАЛЫ**

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ (бұдан әрі – ЕСЖ биржасы) ЕСЖ биржасы мүшелерінің деректерді автоматтандырылған жеделдетілген өңдеу және беру технологияларын (роботтарды) қолдануы мәселесі бойынша **ЕСЖ Басқармасының, хаттама № 901, 28.11.2016 ж. шешімімен бекітілген «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ мүшелеріне арналған брокерлік (дилерлік) этика кодексіне** (бұдан әрі – Брокерлік этика кодексі) сәйкес мынадай хабарлайды.

1) Брокерлік этика кодексінің 8-тармағына сәйкес: «ЕСЖ биржасының мүшелеріне баға манипуляциясы (нарықтық емес бәсеке) мақсатында биржалық сауда процесінде өтінімдерді ұсыну және мәмілелер жасасу үшін роботтарды (деректерді автоматтандырылған жеделдетілген өңдеу және беру технологияларын) пайдалануға тыйым салынады, ЕСЖ биржасының мерзімді нарық секциясындағы саудаларды қоспағанда.»

Брокерлік этика кодексінің аталған нормасын қолдану мақсатында роботтар (деректерді автоматтандырылған жеделдетілген өңдеу және беру технологиялары) деп ЕСЖ биржасының сауда жүйесіне секундына бір өтінімнен артық жіберетін ЕСЖ биржасы мүшелерінің сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелері түсіндіріледі.

Роботтарға қатысты аталған шектеу ЕСЖ биржасы мен оның клиенттеріне биржалық сауда процесінде бәсекелестікті нарықтық емес тәсілмен шектеуден болатын ықтимал залалды барынша азайтуға арналған.

Бұл ретте ЕСЖ биржасы мүшелерінің аталған сыртқы бағдарламалық-техникалық жүйелері (бұдан әрі – СБТЖ) ЕСЖ биржасы белгілеген талаптарға сай болуы және ЕСЖ биржасымен сертификатталуы тиіс.

2) СБТЖ-ға қойылатын талаптар **ЕСЖ Басқармасының, хаттама № 447, 01.10.2014 ж. шешімімен бекітілген «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ** сыртқы бағдарламалық-техникалық құралдарға және оларды сауда жүйесімен сопряжению тәртібіне Талаптармен (бұдан әрі – Талаптар) белгіленген.

Талаптарға сәйкес ЕСЖ биржасы мүшелерінің барлық сыртқы бағдарламалық-техникалық құралдары – *«деректерді жинаудың, өтінімдерді Сауда жүйелеріне енгізуге дайындаудың және жіберудің, сондай-ақ Сауда жүйелерінен ақпаратты алу мен өңдеудің автоматтандырылған бағдарламалық-техникалық құралдары, оны пайдалана отырып жасалған барлық әрекеттерді СБТЖ Пайдаланушысының бақылауын қамтамасыз ететін режимде жұмыс істейтін»* – ЕСЖ биржасымен сертификатталуы тиіс. ЕСЖ биржасы СБТЖ-ның Талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдаған жағдайда, СБТЖ Сауда жүйесімен сопряжениеде ЕСЖ талаптарына сай СБТЖ Тізіміне енгізілуге тиіс.

Талаптардың 2.1-тармағына сәйкес: «Сауда жүйесімен сопряжение және олардың арасындағы деректер алмасу Сауда жүйесіне техникалық қолжетімділікті жүзеге асыруды реттейтін шартқа арнайы Қосымшаға сәйкес универсалды аппараттық-бағдарламалық шлюз (немесе аппараттық-бағдарламалық шлюздер) арқылы жүзеге асырылуы тиіс, онда СБТЖ мен ЕТС аппараттық-бағдарламалық шлюздерін пайдалану мен әкімшілендіру шарттары айқындалады».

Осылайша, ЕСЖ биржасы мүшесінің СБТЖ-ы ЕСЖ биржасының сертификациясынан өтуі және Сауда жүйесіне универсалды аппараттық-бағдарламалық шлюз (немесе аппараттық-бағдарламалық шлюздер) арқылы қосылуы тиіс.

3) ЕСЖ биржасы мүшелерінің СБТЖ-ға қойылатын жоғарыда аталған талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілігі ЕСЖ биржасы мүшелеріне міндетті ЕСЖ биржасының ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген:

— ЕСЖ Директорлар кеңесінің, хаттама № 57, 18.10.2011 ж. шешімімен бекітілген «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету қызметтерін көрсету шарттарының 9.5, 9.7-тармақтарына сәйкес Клиентті бағдарламалық қамтамасыз етудің Серверлік бөлігінен уақытша ажырату Биржа Басқармасының шешімімен Клиент Биржаның ішкі нормативтік құжаттарын бұзған жағдайда Биржамен жүзеге асырылуы мүмкін. Басқарманың шешімімен бағдарламалық қамтамасыз етудің Серверлік бөлігінен ажыратылған Клиент Биржаның ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін бұзудың барлығы жойылғаннан кейін ғана қайта қосылуға жатады;

— Брокерлік этика кодексінің 4-бөлімінің 11-тармағына сәйкес ЕСЖ биржасы, ЕСЖ биржасы мүшесінің Брокерлік этика кодексін және ЕСЖ биржасы мен оның клирингтік ұйымының басқа ішкі құжаттарын бұзуын анықтаған жағдайда, ЕСЖ Басқармасының, хаттама № 233, 12.06.2013 ж. шешімімен бекітілген «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ биржалық арбитражды регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 7-бабымен қарастырылған тәртіптік ықпал ету шараларын соңғыға қолдануға құқылы.

Регламенттің 7-бабының 7.1-тармағына сәйкес Биржаның уәкілетті басқару органы Сауда қатысушыларына мынадай тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы:

1. Нұсқама;
2. Жария хабарламасы бар нұсқама;
3. Белгілі бір мерзімге берілген саудаларға қолжетімділік режимінде сауда секциясындағы саудаларға қолжетімділікті тоқтата тұру.

Аталған тәртіптік ықпал ету шаралары Биржаның уәкілетті басқару органымен Биржалық арбитраждың ұсынымы бойынша да, оның ұсынымынсыз да Сауда қатысушыларына қолданылуы мүмкін.

— ЕСЖ Директорлар кеңесінің, хаттама № 6, 21.04.2009 ж. шешімімен бекітілген «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ мүшелік туралы ережесінің 8.3-тармағына сәйкес ЕСЖ биржасының бір немесе бірнеше Секцияларының Мүшелерінен шығарылу ЕСЖ биржасы Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Шығарылу негіздері ЕСЖ биржасының ішкі құжаттарымен белгіленген міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау болып табылады.

**Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, СБТЖ-ға қойылатын жоғарыда аталған талаптарды бұзғаны үшін (Сауда жүйесіне өтінімдер жіберудің рұқсат етілген жылдамдығы бойынша СБТЖ талаптарын орындамағаны; сертификатталмаған СБТЖ пайдаланғаны; СБТЖ-ны Сауда жүйесімен сопряжение үшін шлюз пайдаланбағаны үшін)**

**ЕСЖ биржасы ЕСЖ биржасының мүшелеріне жоғарыда аталған ықпал ету шараларын қолдануды жоспарлайды.**

**Бұл ретте СБТЖ талаптарын бұзған ЕСЖ биржасы мүшесінің мәміле жасасуы нәтижесінде болған сауда нәтижелері жойылуға жатады.**

**Басқарма Төрағасы. \_\_\_\_\_ Оразаев К.Ч.**